

«Бекітілді»

Ғылыми кеңес отырысында
№ 3 хаттама «30» 04 2024 ж

Ректор  Б.Т. Шакешев
«30» 04 2024 ж



Білім беру бағдарламасы

Даярлау бағыты: 6В113 Көлік қызметтері

ҰБШ деңгейі: 6

СБШ деңгейі: 6


Берілетін дәреже: 6В11301 Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру білім беру бағдарламасы бойынша
қызмет көрсету саласының бакалавры

Білім беру бағдарламасы атауы және шифры: 6В11301 Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру

Түскен жылы: 2024

Көлік және технологиялар кафедрасының отырысында қаралды

Хаттама № 3 «26» 04 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі  А.Н. Омаров

Институт кеңесінің отырысында талқыланды

Хаттама № 3 «29» 04 2024 ж.

Институт директоры  Б.А. Билашев

ОӘК отырысында мақұлданды

Хаттама № 3 «30» 04 2024 ж.

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі бірінші проректор  С.А. Машанова

Келісілді:

«Жайық Таза қала» ЖШС-нің директоры



Р.С. Нургалиев

«Жайық Жол Құрылыс» ЖШС-нің директоры



С.М. Бисемалиев

«Уральскагрореммаш» АҚ директорының даму жөніндегі орынбасары



А.М. Игумбетов

«AstanaRailwayServices»-«Орал вагон жөндеу депосы» ЖШС филиалының бас инженері



Е.Т. Ихсанов

**6B11301- «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасының
мазмұны**

1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2.	Оқыту нәтижелері	6
3.	Пәндердің сипаттамасы	8
4.	Модульдер сипаттамасы	26
5.	Оқу жоспары	46

1. Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды және жіктелуі	6B11-Қызмет көрсету
Дайындық бағытының коды және жіктелуі	6B113- Көлік қызметтері
Білім беру бағдарламасының тобы	B095- Көлік қызметтері
Білім беру бағдарламасының шифры және атауы	6B11301 Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру
Даярлау бағыты лицензияның нөмірі	KZ70LAA00005828 №060 от 30.09.2015
Бағдарламаны аккредиттеудің болуы	16.04.2024 ж. - 15.04.2029 ж.
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы БББ
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Білім беру бағдарламасының мақсаты тасымалдауды ұйымдастыру, қозғалысты, көлікті пайдалану саласының бакалаврын теориялық және практикалық терең дайындауға бағытталған болашақ мамандардың негізгі кәсіби құзыреттерін қалыптастыру
Білім беру бағдарламасының міндеттері	1.Инновациялық білім ортасын құру; 2.Қазіргі талаптарға және өндіріс талаптарына сай келетін білім деңгейін қамтамасыз ету; 3.Кадрлар потенциалын дамыту; 4.Шет тілдерін оқудың әртүрлі курстарына міндетті түрде қатынасу арқылы ПОҚ құрамының тілдік дайындығын күшейту; 5.Оқу үрдісінде көлік секторының жұмыс берушілерінің қатынасын ұлғайту; 6.Оқушылар мен ПОҚ-ның ғылыми жобалар және академиялық алмасу бағытында университеттің жақын және алыс шетел ЖОО қатынасын көбейту.
Кәсіби стандарт негізінде әзірленген (бекітілген күні)	ББ дайындау кезінде "Атамекен" ҚР ҰКП-ның мынадай нормативтік-құқықтық құжаттары пайдаланылды: Кәсіби стандарттар: 1 Автобустардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету 01.09.2023 ж №136 2 Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау 01.09.2023 ж №136 3 Жолаушылар тасымалының логистикасы 01.09.2023 ж №136
ҰБШ бойынша деңгей	6
СБШ бойынша деңгей	6
Кәсіби қызмет саласы	6B11301- «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» ББ бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады: - көлікте басқару логистикалық жүйелерін жетілдіру бойынша шараларды жасау; - өндіріс процестерін іс жүзіне асыру үшін көлік техникасын, жабдықтарды және басқа құралдарды таңдау және тиімді пайдалану; - жобаның мақсатын қалыптастыру, көліктің міндеттерін шешу, мақсатқа жету

	критерийлары мен көрсеткіштері, олардың өзара байланыстарының құрамын тұрғызу; - маркетинг пен меаптажменттің заманауи әдістерін қолдану негізінде жүктер мен жолаушыларды, багаж бен поштаны жеткізудің әр түрлі көліктік-технологиялық жүйелерін ұйымдастыру және іс жүзіне асыру; - көлікті пайдалану және тасымалдау мен қозғалысты ұйымдастыру саласында басқару әдістерін жобалау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; - жол қозғалысын ұйымдастыру және оның қауіпсіздігін қамту; - көліктегі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 6B11301- «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» бакалаврлары кәсіптік іс-әректшіліктің келесі түрлерін орындай алады: - ұйымдастыру-технологиялық; - өндірістік-басқару; - есептеу-жобалау; - сервистік-пайдалану. Ұйымдастыру-технологиялық іс-әрекетшілігі: - басқару әдістерін жобалау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; - әртүрлі жағдайларда қозғалыстың қауіпсіздігін қамту; - орындаушылар ұжымының жұмысын ұйымдастыру, әртүрлі пікірлерді ескеріп басқару шешімдерін қабылдау; - жобалаудың және оптималды шешімдердің жан-жақты түрлерін (бағасын, сапасын, орындалу мерзімін және қауіпсіздігін) анықтағанда әртүрлі талаптарды ескеріп келісілген шешімдер; - көлік құралдарын және жүйелерін пайдалану. Өндірістік-басқару іс-әрекетшілігі: - көлікті пайдалану және тасымалдау мен қозғалысты ұйымдастыру саласындағы өндірістік және өндірістік емес шығындарды бағалау; - қозғалыс қауіпсіздігін қамту бойынша өндірістік және өндірістік емес шығындарды бағалау; - жүкті, жолаушыларды, багажды, поштаны жеткізудің көліктік-технологиялық жүйелерін құрастыруын және олардың жұмысын басқаруының өндірістік және өндірістік емес шығындарын бағалау. Есептеу-жобалау іс-әрекетшілігі: - көлік кәсіпорындарының, тасымалдау және қозғалысты ұйымдасу жүйелерін даму жоспарларын жасау; - жобаның мақсаттары мен міндеттерін анықтау, олардың өзара байланысының құрылымын
--	---

	тұрғызғанда әртүрлі факторларды ескеру және сұрақтарды шешудің приоритетті бағыттарын айқындау; - проблемаларды шешу нұсқаларын жасап талдау, салдарларын болжау, жоспарлау және жобаларды іс жүзіне асыру; - көлік кәсіпорындарының, қозғалысты ұйымдастыру жүйелерін дамыту жоспарларын жасау; - тасымалдауларды, қозғалысты және көлікті пайдалануын ұйымдастыру бойынша қызметтерді ұсынғанда ақпараттық технологияларын пайдалану. Сервистік-пайдалану іс-әрекетшілігі: - жүктерді және жолаушылардың жүк-бағаждарын рәсімдеу бойынша қызмет көрсету технологиясын жасау және іс жүзіне асыру; - көлікте жарнама-ақпараттық әрекетшілікті қамту; - тасымалдау процесінің қауіпсіздігін қамту үшін көліктегі техникалық құрылғылар мен құрылымдарды қалыпты күйде ұстау;
Кәсіби қызмет объектісі	6B11301- «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» ББ түлектерінің кәсіби қызметінің объектілері мемлекеттік, региондық және жергілікті деңгейдегі көлік пен оның қозғалыс қауіпсіздігін қамту саласындағы уәкілетті органдары, көлік кәсіпорындары және бөлімшелері, сонымен бірге көлік-логистикалық және көлік-экспедициялық компаниялар.
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
Академиялық кредиттер көлемі (ECTS)	240
Берілетін академиялық дәреже	6B11301 Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласындағы бакалавр

2. Оқыту нәтижелері (негізгі құзыреттіліктер).

6B11301 – «Көлікті пайдалану, жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасының түлегі келесі негізгі құзыреттерге ие:

-мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіптік қарым-қатынас жасау қабілетін көрсете білу; қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге, Қазақстанның тарихи және экономикалық дамуының ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымды көрсете білу (N 1).

- әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің базалық білімін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайларды талдай білу; нақты ғылымды зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін пайдалану; жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсету; қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен жұмыс істеу (N 2).

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, ақпараттық және библиографиялық мәдениет негізінде кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шеше білу, кәсіби қызметте жаратылыстану және жалпы техникалық пәндердің негізгі заңдарын қолдана білу (N 3).

- біліктілік пен шеберлікті арттыру үшін өзін-өзі дамыту қабілеттерін көрсете білу; проблемалар мен процестерді талдау (N 4).

- кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау, көлік объектісінде тиімді коммерциялық жұмысты ұйымдастыру қабілетін көрсету, нақты өндірістік жағдайларда экономикалық білімді қолдану (N 5).

- жол қозғалысын, тасымалдауды, қозғалыс қауіпсіздігін, еңбек жағдайларын ұйымдастыруды қоса алғанда, көлікте қолданылатын заңнамалық актілер мен техникалық нормативтерді пайдалану (N 6).

- қалалар мен өңірлердің көлік кешендерінің жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруды, жолаушыларды, жүк-багажды және жүктерді тасымалдау кезінде бірыңғай көлік жүйесін құрайтын көлік түрлерінің ұтымды өзара іс-қимылын ұйымдастыруды білу (N 7).

- көлік кәсіпорындарының қолданыстағы логистикалық процестерінің модельдерін талдау және әзірлеу; оңтайландыру есептеулерін және негізгі логистикалық процестерді орындау (N 8).

- көлік құралдарының қозғалысын ұйымдастырудың ең тиімді схемаларын әзірлеу, көлік құралдарының қозғалысын басқарудың жаңа технологияларын қолдану (N 9).

- қалалар мен өңірлердің көліктік қамтамасыз етілу жай-күйіне талдау жүргізу, өңірлік және өңіраралық көлік жүйелерінің дамуын болжау, көлік желісін, жылжымалы құрамды, тасымалдауды ұйымдастыру мен технологиясын дамыту қажеттілігін айқындау (N10).

- техникалық құжаттамаға сараптама жасауды, жылжымалы құрамның, көлік инфрақұрылымы объектілерінің жай-күйі мен пайдаланылуын қадағалауды және бақылауды жүзеге асыру, жұмыстағы ақаулар мен кемшіліктердің себептерін белгілеу, оларды жою және пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау (N11).

- озық техника мен технологияны қолдануға негізделген көліктің пайдалану жұмысын басқарудың жалпы қағидаттарын; автоматтандырылған басқару жүйесін қолдануды ескере отырып, жекелеген көлік объектілерінің жұмысын; тасымалдау жоспарларын жасау кезінде міндеттерді оңтайландыруды ескере отырып, жүк ағындарының үздіксіз логистикалық тізбегін ұйымдастыру жүйесін қолдану (N12).

- көліктің жылжымалы құрамының жұмысын басқару тәсілдерін; әртүрлі құжаттамаларды өңдеу тәсілдерін, көлікті пайдалану ерекшеліктерін меңгеру (N13).

- тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру; жүктерді көліктік жіктеу және контейнерлік тасымалдаудың үздіксіз технологиясы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлікті сақтандыру арқылы коммерциялық операцияларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыра білу (N14)

3. Пәндердің сипаттамасы

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Цикл, Компонент	Кредит саны	Қалыптастыру құзыреттілігі													
					N 1	N 2	N 3	N 4	N 5	N 6	N 7	N 8	N 9	N 10	N 11	N 12	N 13	N 14
1	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты-ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейінгі Қазақстан тарихын дамытудың негізгі кезеңдері туралы объективті білім беру. Пәннің мазмұны: Қазақстан тарихы гуманитарлық пәндер қатарына кіреді және міндетті компонент ретінде ұсынылады. Бағдарлама 5 блоктан тұрады: ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы, түркі өркениеті мен Ұлы дала, жаңа замандағы Қазақстан, Қазақстан тарихының кеңестік кезеңі, Тәуелсіз Қазақстан (1991-2022 жж.).	ЖББП МК	5	+	+												
2	Философия	Пәннің мақсаты - білім алушыларда философия туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Пәннің мазмұны: "Философия" пән жалпы білім беру пәнінің жаңартылған мазмұнын зерттеуге, білім алушылардың бойында сананың ашықтығы, өзіндік ұлттық код, ұлттық сана-сезім, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, реализм және прагматизм, сыни ойлау, білімге ұмтылыс қасиеттерін қалыптастыруға, олардың әділдік, намыс, еркіндік және тағы басқа дүниетанымдық ұғымдарды игеруіне, сонымен қатар, толеранттық құндылықтарын, мәдениетаралық сұқбат пен бейбіт өмір сүру мәдениетін нығайтуға және дамытуға бағытталған	ЖББП МК	5	+	+												
3	Экология, бизнес және құқық негіздері	Пәннің мақсаты: Білім алушылардың экология, бизнес, құқық, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылары саласындағы құзыреттілігін	ЖБП ЖК	5		+			+									

		қалыптастыру. Пәннің мазмұны: Бизнесі ұйымдастыру, жұмыс істеу мәселелерін, кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары мен түрлерін, бизнес-жоспарлауды, ҚР Азаматтық құқығының негіздерін, әлеуметтік-экономикалық процестерді ғылыми зерттеу әдістерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін, экология және тіршілік қауіпсіздігі ұғымын, қоршаған ортаның ластану мәселелерін оқытады.															
4	Шетел тілі	Пәннің мақсаты - шет тілін оқыту үдерісінде білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру. Пәннің мазмұны: пәннің оқу жоспары, оның ішінде пәннің мазмұны, семинар тақырыбы (практикалық) және білім алушылардың өзіндік жұмысы. Тақырып мазмұны салалардан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және қарым-қатынастың типтік жағдаяттарынан тұратын танымдық-лингвомәдени кешендер түрінде ұсынылған.	ЖББП МК	10	+	+											
5	Қазақ/Орыс тілі	Пәннің мақсаты – қазақ тілін шет тілі ретінде үйренушілер үшін тілді қолданудың барлық деңгейлерінің коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы әлеуметтік, мәдениетаралық, кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде қазақ тілін сапалы меңгеруді А1 деңгейі және А2, В1, В2, С1 деңгейлері арқылы қамтамасыз ету. Пәннің мазмұны: Қазақ тілі пәні болашақ мамандардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін көтеруге бағытталған, ұлттық жаңғыруды қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды даярлауда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.	ЖББП МК	10	+	+											

		Пәннің мақсаты - ұлттық рухани жаңғыру идеясы контекстінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру, ол ұлттық сана мен мәдениет негізінде интернационализм қасиеттерін, әлемдік мәдениеттер мен тілдерге толерантты қатынасты дамытуды көздейді. Пәннің мазмұны: «Оыс тілі пәні» әр түрлі бағытта тілдік дағдыларды қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіби қарым-қатынас жағдайлары, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру коммуникативті мақсатқа сәйкес.																
6	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Пәннің мақсаты білім алушылардың кәсіби, ғылыми және практикалық қызметте заманауи ақпараттық - коммуникациялық технологияларды меңгеруі болып табылады. Пән қоғам дамуының негізгі секторларындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлін, компьютерлік жүйелердің архитектурасын, бағдарламалық қамтамасыз етуді, операциялық жүйелерді, адам-компьютерлік өзара іс-қимылды, деректер базасын басқару жүйелерін, желілер мен телекоммуникацияларды, киберқауіпсіздікті, интернет, бұлтты, мобильді, мультимедиялық, Smart және E-технологияларды зерттейді.	ЖББП МК	5		+	+											
7	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану,	Пәннің мақсаты – "Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы" мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу мәнмәтінінде (контекстінде) білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық	ЖББП МК	8	+	+												

	психология)	дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Пәннің мазмұны: Білім алушылардың негізгі әлеуметтік, саяси және гуманитарлық түсініктерді, қоғамды және оның ішкі жүйелерін зерттеудің теориялары мен тәсілдерін, социологиялық, саясаттанулық, мәдени-психологиялық ақпараттарды алудың негізгі көздері мен әдістерін меңгеруі.															
8	Дене шынықтыру	Пәннің мақсаты - білім алушылардың әлеуметтік және тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастыру, физикалық белсенділікке, жүйке-психикалық күйзелістерге және келешектегі жұмыста қолайсыз факторларға тұрақты төзімділікті дамыту. Пәннің мазмұны: денсаулықты сақтау және оңтайлы кәсіптік өнімділікті сақтау үшін өмірлік маңызды дене қасиеттерін дамытуда дене шынықтыру мен спортты қолдану, негізгі қозғалыс қасиеттерін – төзімділік, күш, жылдамдық, икемділік, икемділікті дамыту және жетілдіру туралы негізгі дәлелді білім беру.	ЖББП МК	8	+	+											
9	Көлік құралдарының қауіпсіздігі	Пәннің мақсаты: көліктегі қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру қағидаттары туралы мәліметтерді зерделеу және игеру. Пәннің мазмұны: пән автомобильдерді техникалық пайдалану, жол жағдайлары, жол сипаттамалары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістерін, көлікте қауіпсіздік жүйелерін қалыптастыруды, техникалық жарамды автомобильдерді пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, көлік қозғалысының қауіпсіз жолдарын құруды зерттейді.	БП ЖК	5						+			+				

10	Көліктегі еңбекті қорғау	Пәннің мақсаты: Тасымалдауды және көлікті пайдалану кезінде студенттерді қауіпсіз жұмыс тәсілдеріне оқыту. Пәннің мазмұны: Пән көліктегі еңбекті қорғаудың құқықтық және нормативтік негіздерін зерделеуге бағытталған. Өндірістік жарақаттану және кәсіптік аурулар, жәбірленушіге алғашқы көмек көрсетуді қарастырады.	БП ЖК	5						+			+				
11	Математика	Пәннің мақсаты: Негізгі ұғымдарды, заңдарды, формулаларды, теоремаларды және математикалық зерттеулер әдістерін меңгеру болып табылады. Пәннің мазмұны: Пән көптеген айнымалылардың функциясын, айнымалылардың функциясын анықтау аймағын, екі айнымалының функциясының шегін, екі және үш айнымалылардың функцияларының ішінара туындыларын табуды, екі айнымалының функцияларының бірінші және екінші ретті дифференциалдарын табуды, күрделі функцияның дифференциациясын, екі айнымалының функциясының экстремумын қарастырады.	БП ЖК	4			+	+									
12	Физика	Пәннің мақсаты: студенттерде әртүрлі физикалық ұғымдардың, заңдардың, теориялардың қолданылу шекараларын дұрыс түсінуді қалыптастыру Пәннің мазмұны: Пән Механиканың физикалық негізін, молекулалық физика мен термодинамиканы, электр өрісінің кернеулігі мен бейімділігін, өткізгіштер мен конденсаторлардың электр сыйымдылығын, электр өрісінің энергиясын, тұрақты ток заңдарын, Кирхгоф ережелерін, био-Савар-Лаплас Заңын, ампер күші мен Лоренц Күшін қарастырады.	БП ЖК	5			+	+									

13	Химия	Пәннің мақсаты: студенттердің химия туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру және қазіргі теориялық химияның маңызды бөлімдерін игеру. Пәннің мазмұны: Пән химияның негізгі ұғымдары мен заңдылықтарын, атомның құрылымын, химиялық элементтердің систематикасын, химиялық байланыс түрлерін, ерітінділерді, химиялық кинетиканы, электролиттік диссоциация теориясын, тотығу-тотықсыздану реакцияларын, күрделі қосылыстарды, химиялық процестердің заңдылықтары мен энергетикасын, химиялық термодинамиканы, электрохимиялық процестерді зерттейді.	БП ЖК	4			+	+									
14	Жасанды интеллект негіздері	Пәннің мақсаты: Білім алушыларға қазіргі әлемде жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен қолданылуы және олардың қызметтің әртүрлі салалары үшін маңызы туралы базалық білім беру. Пәннің мазмұны: Пән жасанды интеллекттің тарихы мен негізгі мәселелері, этикалық және құпия аспектілері, білімді іздеу және ұсыну негіздері, агент парадигмалары, классикалық жоспарлау, роботтардың физикалық құрылымы, нейрондық желілер, жасанды эволюция және генетикалық алгоритмдер туралы жалпы ақпаратты зерттеуді қамтиды.	БП ЖК	5			+				+						
15	Қаржылық сауаттылық	Пәннің мақсаты: білім алушыларда қаржылық жоспарлау мен жеке қаржыны басқарудың базалық дағдыларын қалыптастыру, жинақтау және инвестициялау құралдары туралы түсінік қалыптастыру. Пәннің мазмұны: Пән жеке және отбасылық қаржылық жоспарлауды, несие ресурстарын пайдалану принциптерін, электронды есеп айырысуды, цифрлық	БП ЖК	5		+			+								

		қаржылық сауаттылықты, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, қаржылық өнімдерді талдауды қарастырады.																
16	Сызба геометриясы және инженерлік графика	Пәннің мақсаты: студенттердің сызбаларды құру және оқу саласында құзыреттіліктерін қалыптастыру. Жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің стандарттарын қанағаттандыратын құжаттардың орындалуы. Пәннің мазмұны: Пән нүктелік проекцияны, форматтарды, масштабтарды, аксонометриялық проекцияны, өлшемдерді қолдануды, техникалық формаларды құруды, проекциялық құрылыстарды, техникалық формалардың шеңберлерін құруды, түрлерін, кесінділерін, қималарын, қашықтағы элементтерін қарастырады.	БП ЖК	4			+	+										
17	Теориялық механика	Пәннің мақсаты: Теориялық механиканың негізгі заңдарын тәжірибеде қолдануды үйрету. Қатты денелердің сыртқы күштерге қарсыласу қабілеттілігін үйрету және соның негізінде машина бөлшектерін беріктік есептеуді үйрету. Пәннің мазмұны: Пән статиканың негізгі ұғымдары мен аксиомаларын, конвергентті күштер жүйелерінің салмағын, ерікті орналасқан күштердің жазық жүйесін, қатты дененің ауырлық центрін, нүктенің кинематикасын, қатты дененің трансляциялық және айналмалы қозғалысын, нүктенің күрделі қозғалысын қарастырады.	БП ЖК	5			+	+										
18	Материалтану Конструкциялық материалдар технологиясы	Пәннің мақсаты: Металдарды, қорытпаларды және металл емес материал-дарды алудың заманауи әдістерін игеру. Пәннің мазмұны: Пән металдар мен қорытпалар туралы жалпы	БП ЖК	5			+	+										

		мәліметтерді, қорытпалар теориясының негізгі мәліметтерін, қорытпалардың, құрылымдық және аспаптық болаттардың күй диаграммаларын, термиялық өңдеу негіздерін, Құю өндірісінің негіздерін, металдарды қысыммен өңдеуді, Ұнтақты металлургия әдістерімен бұйымдарды алуды, металдарды кесу арқылы өңдеу негіздерін қарастырады.															
19	Жол қозғалысының ережелері	Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелері. Жол белгілері және жол белгілері. Жол-көлік оқиғалары кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету ережесі. Жол қозғалысы туралы жүйелі түсінік. Жол қозғалысы Ережелері және жол қозғалысы бойынша халықаралық конвенциялар.	БП ТК	5						+			+				
20	Жол қозғалысын ұйымдастыру	Жол қозғалысын ұйымдастыру. Көлік және жаяу жүргіншілер ағынының сипаттамалары. Қозғалысты зерттеудің заманауи әдістері. Жол қозғалысын ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен тәсілдері. Көше-жол желісінің жекелеген элементтерінде қозғалысты ұйымдастыру бойынша іс-шаралар.	БП ТК	5						+			+				
21	Автомобиль көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Өртүрлі жол жағдайындағы қозғалыс қауіпсіздігін бағалау әдістері. Көлік қозғалысының түзімі және жол элементтерінің параметрлері. Жайдақта, көтерулерде және ылдиларда қозғалыс қауіпсіздігін жоғарылату. Бұл деңгейдегі қиылыстардағы қозғалыс қауіпсіздігін жоғарылату. Жол қозғалысының қауіпсіздігі бойынша автомобиль жолдарының көлденең пішініне қойылатын талаптар. Жол табындарының жай-күйіне қойылатын талаптар.	БП ТК	5						+			+				
22	ЖКО сараптау	Жол көлік оқиғалары. Жол қозғалысының параметрлерін зерттеу. Жол жағдайы және	БП ТК	5						+					+		

		оның өзгеруі. Қауіпті және Апатты жағдай. ЖКО фазалары. ЖКО себептері мен жағдайларын қызметтік тексеру. ЖКО сот автотехникалық сараптамасы. Сараптауды оның қатысушыларының құрамы бойынша және өткізу кезектілігі бойынша жіктеу.															
23	Электротехника негіздері	Пәннің мақсаты: Электротехника және электроника негіздері бойынша білімді қалыптастыру. Пән мазмұны: Пән электротехникалық және электронды құрылғыларды құрудың негізгі заңдылықтарын, осы білімді электротехникалық және электронды жабдықтардың жұмысында болатын процестерді түсіну үшін қолдануды, оның дұрыс жұмыс істеуін зерттейді.	БП ТК	5			+									+	
24	Көлік процестері мен жүйелерінің теориясы	Пәннің мақсаты: Көлік жүйелерін техникалық және коммерциялық пайдалану технологиясы, ұйымдастыру, жоспарлау және басқару бойынша білімді қалыптастыру. Пәннің мазмұны: Пәнге көлік процесі және көлік жүйелері, көлік түрлері және оларды көлік жүйесінде пайдалану ерекшеліктері, көлік жүйелерін зерттеу, көлік процестерін жобалау, көлік жүйелерін зерттеу, көлік процестерін жобалау мәселелері кіреді.	БП ТК	5						+					+		
25	Жүктану	Жүк туралы негізгі түсініктер. Жүктердің жіктелуі. Жүктердің физико-химиялық және көлемдік-массалық сипаттамалары. Таралы-қорапты және дара жүктер. Үйілмелі және төгілген жүктер. Құйылмалы жүктер. Сусымалы және кесекті жүктер. Қауіпті жүктерді тасымалдау. Ауыр салмақты және ұзын өлшемді жүктер. Орман материалдары. Дәнді дақыл және одан өңделген азық түліктер.	БП ТК	5							+	+					

		Жүк тасымалын ұйымдастыру, жоспарлау және басқару.																
26	Тиеу-түсіру жұмыстарының технологиясы және механизациясы	Тиеу-түсіру жұмыстарын және қойма операцияларын механикаландыру және технологиясының негізі; Тиеп-түсіру машиналары мен жабдықтары; Жүктерді тиеу-түсірудегі технологиясы және механикалары; Тараланған-дара жүктерді тиеп-түсіру жұмыстарының технологиясы және механикалары; Сусымалы-кесекті жүктерді тиеп-түсіру жұмыстарының технологиясы мен механикаландырылуы; Орманды-ағаш жүктерді тиеп-түсіру жұмыстарының технологиясы; Дәнді-дақылды, көкөністі тиеп-түсіру жұмыстарының технологиясы және механикалары; Сұйық жүктерді құйып-төгу технологиясы, механикалары, қоймалары.	БП ТК	5							+			+				
27	Біртұтас көлік жүйесі	Бірыңғай көлік жүйесінің мәні, негізгі ұғымдары және анықтамасы. Көліктік қамтамасыз ету және көлікті басқару жүйесі. Көліктің әртүрлі түрлеріндегі экономикалық көрсеткіштер және олардың ерекшеліктері тораптардағы көліктің әртүрлі түрлерінің техникалық және технологиялық өзара іс-қимылы. Көліктің әртүрлі түрлерінің тиімділігін арттыру жолдары. Қазақстан Республикасы мен ТМД басқа да елдерінің көлік жүйелерін кешенді дамытудың жай-күйі мен негізгі бағыттары, Еуразс	БП ТК	5							+			+				
28	Іштен жану қозғалтқыштарының теориясы	Пәннің мақсаты: іштен жану қозғалтқыштарындағы жұмыстық үдерістерді ұйымдастыру туралы білімді қалаптастыру. Пәннің мазмұны: 4 және 2 тактілі қозғалтқыштардағы газ алмасу процестерін, сору және зарядтау процестерінің соңында	БП ТК	3											+		+	

		цилиндрдегі қабылдау органдарының алдындағы жұмыс сұйықтығының параметрлерін, қысу процестерінің рөлін қамтиды. , нақты циклдардағы қысу процестері мен термодинамикалық циклдардағы қысу процестерінің айырмашылығы, әртүрлі қозғалтқыштардағы қысу коэффициентін қарастырады.															
29	Автомобильдер құрылысы	Автомобильдің жіктелуі және жалпы құрылымы. Қозғалтқыш. Ішкі жану қозғалтқышының жалпы құрылымы және жұмыс циклі. Қисық-шатунды және газ тарату механизмдері. Салқындату жүйесі. Майлау жүйесі. Қоректену жүйесі. Электр жабдықтары. Оталдыру жүйесі. Жүріс бөлігі және рульдік басқару.	БП ТК	5			+								+		
30	Автопайдалану материалдары	Отындардың және арнайы майлардың қолданылуы, жіктелуі және талаптары, отындар, майлар және арнайы сұйықтықтардың қасиеттері және олардың қолданылатын агрегаттарға және түйіндер параметрлеріне әсері, техниканың соңғы жетістіктеріне байланысты отындар, майлар және арнайы сұйықтықтардың сапасының әрі қарай жақсартудың жолдары.	БП ТК	5			+								+		
31	Темір жол көлігіндегі қауіпсіздік ережелері	Темір жол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін мемлекеттік реттеу мен басқаруды реттейтін заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілер. Темір жол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі. Теміржол көлігі кәсіпорындарының жол кешенін пайдаланудың және қызмет көрсетудің қауіпсіз режимі. Темір жол көлігі кәсіпорындарының локомотив-вагон кешенін пайдаланудың және қызмет көрсетудің қауіпсіз режимі.	БП ТК	5					+			+					

32	Теміржол көлігінде диспетчерлік қызметті ұйымдастыру	Поездар қозғалысын диспетчерлік басқару жүйелері. Поездар қозғалысын реттеу жүйесінің элементтері; аралық жүйелер; бағыттамалар мен сигналдарды электрлік орталықтандыру, диспетчерлік орталықтандыру, Поездар қозғалысын диспетчерлік бақылау және техникалық диагностика жүйесі, поездық диспетчерлік байланыс жүйесі.	БП ТК	5							+			+			
33	Туристік жолаушыларды тасымалдау	Пәннің мақсаты: Туристік жолаушылар тасымалы жұмысын ұйымдастыру саласында білімді қалыптастыру. Пәннің мазмұны: Жолаушыларды тасымалдау ережелерін және осы тасымалдауларды басқаруды, жолаушылардың қозғалыстағы қажеттіліктерін зерттеу әдістерін, тасымалдау маршрутын, тарифтерді анықтауды және билет жүйесін ұйымдастыруды, жолаушылар көлігінің жұмысын бақылау мен есепке алуды, басқаруды қарастырады. автомобиль көлігі ұйымын қарастырады.	БП ТК	5							+	+	+				
34	Темір жол қатынас жолының құрылысы және оны пайдалану	Темір жол ұғымы. Жолдың негізгі элементтерінің тағайындалуы туралы жалпы түсінік. Рельстердің мақсаты және оларға қойылатын талаптар. Рельстердің пішіні мен өлшемдері. Түйіспесіз жолдың құрылысы. Түйіспесіз жол жұмысының ерекшеліктері және оның конструкциясына қойылатын жалпы талаптар. Түйіспесіз жол элементтеріне арнайы талаптар. Жолдың түзу және қисық учаскелерінде рельс жолтабанының құрылысы.	БП ТК	5			+								+		
35	Техникалық механика	Статика. Кинематика. Динамика Материалдар кедергімінің негізі. Орнықтылық Жүктеменің динамикалық әсері. Дүркін жүктеме жағдайыдағы беріктік. Тетіктер теориясының	БП ТК	5			+	+									

		негіздері. Беріліс тетіктерін жобалау.																
36	Машиналар мен механизмдер теориясы	Механизм және машина, конструкция. Механизмдердің негізгі түрлерінің құрылысы, механизмдердің кинематикалық және динамикалық сипаттамалары. Механизмдердің күштік талдауы. Кинематикалық тізбектердің статикалық анықталу шарттары. Жазық механизмдер буындарының инерция күші. Кинематикалық жұптардағы реакцияларды анықтау. Механизмнің жетекші буынының күштік есебі. Механизмдердің қозғалысын зерттеу. Механизмге әсер ететін күштерді жіктеу	БП ТК	5			+	+										
37	Жүктің көліктік сипаттамалары	Кіріспе. Жіктелуі және жүктердің қасиеті. Қорабы және орамы, жүктің маркіленуі. Дара жүктерді тасымалдау барысында тасымалдау құралдарына және тиеу-түсіру механизмдеріне қойылатын талаптар. Жүктерді орналастыруға және сақталуына қойылатын талаптар. Дара жүктерді жеткізудің тасымал технологиялық сұлбасы.	БП ТК	5						+	+							
38	Көтерме көлік машиналары	Жүктер, оларды қозғалыс құралына орналастыру және бекіту. Дара жүктерге арналған жүкқармағыш құралдар. Тиеу-түсіру жұмыстарын орындау амалдары. Тиеу-түсіру орындарында автомобильдердің кідіру уақыты. Тиеу-түсіру жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі пішіндері. Тиеу-түсіру машиналарының және құрылғыларының негізгі параметрлері. Тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландырудың жылжымалы құралдарының ойнақшылығы және тұрақтылығы. Жүкқармағыш құрылғылар. Ленталы конвейер.	БП ТК	5			+								+	+		+

39	Көлік жүйелерінің өзара әрекеттесуі	Көлік түрлерінің өзара іс-қимыл түрлері. Көлік торабы. Көліктің әртүрлі түрлерінің түйіскен жері. Көлік тораптарындағы технологиялық өзара әрекеттесу. Өтпелі ұғым Тасымалдарды маршруттау. Аралас тасымалдарды жетілдіру бағыттары.	БП ТК	5							+				+	+	+	+
40	Темір жол көлігіндегі жанар-жағармай материалдары	Қатты, сұйық және газ тәрізді отын. Темір жолдардың жылжымалы құрамында отынның әртүрлі түрлерінің қасиеті және қолданылуы. Темір жол көлігіндегі арнайы сұйықтықтар. Теміржол көлігіндегі отындар мен майлау материалдарының шығыс нормалары.	БП ТК	3			+								+			
41	Темір жол көлігіндегі энергетикалық қондырғылары	Темір жол көлігінде қолданылатын энергетикалық қондырғыларының классификациясы, түрлері, белгіленулері және қысқаша сипаттамалары. Автомобиль, ауе, темір жол, су және труба құбыры көліктерінде энергетикалық қондырғыларын пайдалану ерекшелігіне және тиімділігіне байланысты таралулары. Іштен жану қозғалтқыштарының, газ турбиналық қозғалтқыштарының жіктелуі, жалпы құрылысы және жұмысы. Қозғалтқыштардың теориялық және нақты циклдары, индикаторлық және тиімділік көрсеткіштерін анықтау.	БП ТК	5			+								+	+		+
42	Темір жол жылжымалы құрамының құрылысы	Вагондар және вагондар шаруашылығы. Темір жолдарының жылжымалы құрамдары. Вагондар туралы жалпы мәліметтер. Вагондардың доңғалақтық жұптары. Буксалар және вагондарды рессорамен асуы. Вагондардың арбашықтары. Автоматты ілініс құрылғылары. Жүк вагондары. Жолаушылардың вагондары. Автоматты тежеулер. Локомотивтер және локомотивтік шаруашылығы. Электровоздар. Тепловоздар.	БП ТК	5			+	+						+				

		Жолаушылар вагондары және моторвагондық жылжымалы құрам.																
43	Жүк және коммерциялық жұмыстарды ұйымдастыру	Кіріспе. Тасымалдау жұмысын ұйымдастырудың негізгі ережелері. Тиеу түсіру жұмыстары. Тасымалдау жұмысын автоматтандырылған басқару жүйелерін ақпаратпен қамтамасыз ету. Тасымалдау мен коммерциялық операцияларға арналған техникалық құралдар. Жүк стансалары. Темір жол стансаларындағы жүк және коммерциялық жұмыс шаруашылығының техникалық жарақтануы. Тасымалдауды жоспарлау және маршрут белгілеу. Жүкті тасымалдау технологиясы. Жүкті тиеу және жөнелту операциялары.	БеП ЖК	5							+	+				+	+	+
44	Тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	Тасымалдауды ұйымдастыру негіздері. Жүк және жолаушылар ағынының сипаттамасы. Жылжымалы құрамның өнімділігі. Көліктік-экспедициялық қызмет көрсету негіздері. Халықаралық автотасымалдауды ұйымдастыру негіздері. Жолдардың қиылыстары мен аралықтарында қозғалысты ұйымдастыру схемаларын әзірлеу.	БеП ЖК	5						+	+				+	+	+	+
45	Автомобиль көлігін техникалық пайдалану негіздері	Көлік техникасының сенімділік теориясы. Көлік техникасының жұмыс қабілетін қамсыздандыру негізі. Көлік техникасын техникалық пайдаланудың нормативін анықтау әдісі. Көлік техникасының жұмыс қабілетін ақпараттық қамсыздандыру. Көлік техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесі. Көлік техникасының жұмыс қабілетін қамсыздандыру технологиялық процесінің жалпы сипаттамасы. Технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру.	БеП ТК	5			+								+			+

46	АКК базасын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Көлік өндірісін жоспарлау және басқару. Жөндеу және қызмет көрсету кәсіпорындарының қағидаттары. Арнайы ғылыми-техникалық ақпаратты іздеу және талдау. Техникалық қызмет көрсету кәсіпорындарын жобалау. Көлік өндірісін ұйымдастырудың жүйелік негіздері. Жаңа технологияларды жоспарлау, жасау және дамыту.	БеП ТК	5							+			+		+	+
47	Автомобильдерді жөндеуді ұйымдастыру	Технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру. Көлік техникасының инженерлік-техникалық қызметінің құрылымы мен ресурсы. Инженерлік-техникалық қызмет персоналы және көлік техникасына ТҚ көрсетуді және жөндеуді басқаруда шешім қабылдау әдісі. Инженерлік-техникалық қызметті басқаруды ұйымдастыру формасы мен әдісі. Көлік техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасын басқару. Көлік техникасын техникалық жарату тиімділігін бағалаудың кешендік көрсеткіші.	БеП ТК	5			+	+						+			
48	Автокөлік жолдары	Автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану сипаттамалары. Автомобиль жолының негізгі элементтері. Жер төсемін жобалау мен салудың негізгі принциптері. Жол киімі. Жол жамылғысының беріктігі және рұқсат етілетін жүктемелерді анықтау. Жергілікті жерде жол салу, трассалаудың жалпы принциптері. Жол құрылысын ұйымдастыру. Автомобиль жолдарын жайластыру және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету.	БеП ТК	5							+			+		+	+
49	Көлік лектерінің сипаттамасы	Көлік ағынының қарқындылығын анықтау. Көлік ағынының математикалық сипаттамасы. Көлік құралдарының арасындағы интервалды	БеП ТК	5							+			+		+	+

		анықтау. Көлік ағынындағы көлік қозғалысының сипаттамасын анықтау. Жаяу жүргінші ағынының қарқындылығын анықтау. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басты талаптарды анықтау. Қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды зерттеу. Жаяу жүргінші ағыны. Көше-жол желісінің өткізгіштік қабілеті. Жолдың өткізгіштік қабілеттілігін анықтау. Көше-жол желісі.															
50	Жолаушылар тасымалдау технологиясы және оны ұйымдастыру	Пәннің мақсаты: Нарықтық экономика жағдайында жолаушыларға Көліктік қызмет көрсетудің теориялық және практикалық міндеттерін шешуге жүйелі көзқарасты қамтамасыз ететін студенттердің білімін қалыптастыру, Көлік қызметтерінің сапасы мен тиімділігін арттыру. Пәннің мазмұны: Пән жолаушыларды тасымалдау ережелерін және осы тасымалдарды басқаруды, жолаушылардың қозғалыс қажеттіліктерін зерттеу әдістерін, тасымалдарды маршруттауды және технологиялық міндеттерді шешуді зерттейді.	БөП ТК	5					+		+						
51	Жүк тасымалының технологиясы және ұйымдастырылуы	Пәннің мақсаты: Студенттерді автомобиль көлігінің жылжымалы құрамын пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған жүк тасымалдарын ұйымдастыру әдістеріне оқыту. Пәннің мазмұны: Пән жүк тасымалдауды ұйымдастырудың негізгі нысандарын, көлік қызметінің сапасын қамтамасыз ету талаптарын қамтиды. Жүктерді тасымалдау мен жеткізудің технологиялық процесінің негізгі ұғымдары ретінде жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру формасын зерттеуді қарастырады.	БөП ТК	5					+		+						+

52	Көлік логистикасы	Логистика жағдайындағы көлік. Логистика өндіріс үрдісі. Логистикадағы материалдық ағымдар. Көлік ағымдары мен көліктің тұрақты құрылғылары. Жылжымалы құрамдардың ағымы. Уақыт аралығында өзгертілетін көлік процесі. Тасымалдаудың технологиялық жүйесі мен оның сипаты. Жүк және жолаушы ағындарының сипаттамалары. Логистикалық үрдісті ақпаратпен қамтамасыз ету. Логистикалық шығындар. Қозғалыс құрылымының эксплуатациялық шарты. Автокөлік кәсіпорнының микрологистикалық жүйесі.	БеП ТК	5							+	+			+	+	+	+
53	Теміржол жылжымалы құрамын техникалық пайдалану негіздері	Темір жол көлік техникасының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету стратегиясы мен әдістері; көлік техникасын техникалық пайдалану нормативтері; қызмет көрсету құралдарының өнімділігі мен өткізу қабілетін қалыптастыру заңдылықтары; техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру жүйесі, техникалық қызмет көрсетудің ұтымды технологиясы және темір жол көлік техникасына техникалық қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеудің кешенді көрсеткіштері.	БеП ТК	5			+								+		+	+
54	Темір жол көлігін жөндеу	Пәннің мақсаты: Студенттердің теміржол көлігін жөндеу бойынша білімдерін қалыптастыру. Пәннің мазмұны: Пән теміржол көлігін жөндеудің технологиялық процесінің жалпы сипаттамаларын, теміржол көлігін жөндеуді жетілдіруді, жөндеу технологиясын және техникалық қызмет көрсету мен күрделі жөндеу санын анықтауды қамтиды.	БеП ТК	5			+	+							+		+	+
55	Темір жол станциялары мен түйіндер	Станциялардың, тораптардың және олардың жекелеген элементтерінің құрылымы мен конструкциялары жұмыстың прогрессивті	БеП ТК	5							+			+	+	+	+	+

		технологиясына сәйкес. Барлық типтегі станциялар мен тораптарды құру принциптері, олардың құрылғыларын есептеу теориясы және жаңа техниканы есепке ала отырып, жаңа және қайта құрылатын станциялар мен тораптарды жобалаудың қазіргі заманғы әдістері, темір жолдарды пайдаланудың және көліктің басқа түрлерімен өзара әрекеттесудің оңтайлы әдістері.																
56	Темір жол көлігіндегі жол-көлік оқиғаларын техникалық сараптау	Жол қозғалысын ұйымдастыруды жақсартудағы және қауіпсіздігін арттырудағы сараптаманың рөлі. Темір жол көлігіндегі көлік оқиғалары. Теміржол станцияларының параметрлерін зерттеу. Сот сараптамалары мен қызметтік тергеу жүргізу туралы ережелер. Сараптама түрлері. Оқиғалар схемасы, құру әдістемесі, оқиға орнын қарау хаттамасы.	БөП ТК	5						+					+		+	+
57	Темір жол көлігіндегі сервис	Темір жол көлігіндегі сервисінің маңызы және оның даму алғышарттары. Сервистің негізгі ұғымдары. Жолаушылар және жүк тасымалдары үшін көлік сервисінің принциптері мен міндеттері. Маркетинг сервисінің негізгі құралдарының бірі ретінде. Көлік нарығын сегменттеу. Жүк тасымалындағы Сервис. Темір жол көлігіндегі жүк тасымалдарына фирмалық Көліктік қызмет көрсету құрылымы. Жолаушылар тасымалындағы Сервис. Вокзалдарда жолаушыларға сервисік қызмет көрсету. Вокзалдарда қызмет көрсету орталықтарының жұмысын ұйымдастыру. Алыс және қала маңындағы қатынаста жолаушылар сервисі.	БөП ТК	5										+	+		+	+
58	Теміржол көлігінде жолаушылар	Жолаушыларды тасымалдау және осы тасымалдарды басқару ережесі. Жолаушылардың қозғалуға қажеттілігін	БөП ТК	5							+	+				+	+	

	қозғалысын ұйымдастыру	зерттеу әдістері. Тасымалдарды маршруттау. Технологиялық есептерді шешу. Тарифтерді анықтау және билет жүйесін ұйымдастыру. Темір жол көлігінде жолаушыларды тасымалдауды басқару жүйесін құру негіздері.															
59	Темір жол көлігімен жүк тасымалдауды ұйымдастыру	Жүктерді тасымалдау және осы тасымалдарды теміржол көлігінде басқару ережесі. Тасымалдарды маршруттау. Технологиялық есептерді шешу. Тарифтерді анықтау. Жүк қозғалысын орталықтандыру және үйлестірілген басқару.	БеП ТК	5							+	+					+
60	Көлік логистикасы жүйесіндегі қойма жұмыстары	Қойманың негізгі логистикалық функциялары. Қоймалардың түрлері. Сақтау қоймалары. Тиімді қоймаларды басқаруды ұйымдастырудың логистикалық мәселесін шешу кезеңдері. Қоймаларды орналастыруға арналған опциялар. Логистикалық тізбекті тасымалдаудың құны. Көлік мәселесінің мәні. Кәсіпорынның көліктік-логистикалық жүйесін қалыптастыру кезеңдері.	БеП ТК	5							+		+	+	+	+	+

4. Модульдер сипаттамасы

Модуль	Құраушы компоненттің атауы	Пререквизиттер	Оқу нәтижесі
Жалпы білім беру пәндері	Қазақстан тарихы	Қажет етпейді	тәуелсіз қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының негізгі кезеңдері, адамзат қоғамының әлемдік-тарихи дамуының сыни талдауын анықтап білуі;
			тарихтың жалпы құбылыстары мен оқиғалары жалпы парадигмамен, қазіргі заманғы моделінің ерекшеліктері мен маңыздылығымен салыстыра білуі.
			Қазақстанның қазіргі заманғы оқиғаларының себептерін, салдарын тарихи әдістерін меңгеру, мәдениетаралық диалогтың әлеуетін анықтап істей алуы;
			өткен тарихи және ақылға қонымды ақпаратты талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді ұсынып істей алуы;

		білім алушыларға заманауи өзіндік ерекшеліктер мен патриотизмді қалыптастыруда және тарихи білімнің іргелі рөлін негіздеу қабілеттілігі;
		қазіргі заманғы қоғамның өзара түсіністік, төзімділік, демократиялық құндылықтардың басымдықтары бойынша өз азаматтығын қалыптастыру қабілеті.
Философия	Қазақстан тарихы, Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	философияның пәнін, қызметтерін, негізгі бөлімдерін және бағыттарын, тарихын, философияның адам мен қоғам өміріндегі орны мен рөлін білуі;
		философияның іргелі мәселелерін, олардың қойылу ерекшеліктерін және философияның қалыптасу үрдісінде шешілуін, философияның өзекті мәселелерін білуі;
		философиялық білімнің генезисі мен дамуының ерекшеліктерін сараптауды, қазіргі заманғы жаһанданудың өзекті мәселелерін түсінуді жүзеге асыруы;
		білім алушылардың философияның әртүрлі мәселелері бойынша, өзіндік көзқарасын қалыптастыруды және оны дәлелді түрде жақтауды жасай білуі;
		арнайы философиялық терминдерді, категориялық-ұғымдарды қолдануы, зерттеліп отырған сұрақтар бойынша өз ойларын логикалық түрде қабілеті;
		философияның ережелері мен категорияларын әртүрлі әлеуметтік ағымдарды, фактілер мен құбылыстарды бағалауда және сараптауда қолдану қабілеті.
Экология, бизнес және құқық негіздері	Қажет етпейді	экологиялық нормаларды, бизнесті экономикалық жүйе ретінде ұйымдастыру процесін, оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандарын, бизнес инфрақұрылымының негізгі элементтерін білу;
		бизнесті жүзеге асыруды регламенттейтін құқықтық актілерді, кәсіпкерлік қызметті бағалау және қоршаған ортаны қорғау әдістерін білу;
		бизнесті және кәсіпкерлікті тиімді ұйымдастыру үшін қажетті кәсіптік деңгейде бизнесті ұйымдастыруда құқықтық нормаларды қолдана білу;
		әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторды ескере отырып, шешімдер әзірлеу үшін бизнесті ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты жинауды, түсіндіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
		бизнесті басқаруда құқықтық әдістерді қолдану, бизнесті ұйымдастырудың теориялық негіздерін меңгеру, нарықтық тауашаны іздеуді жүзеге асыру қабілеті
		экологиялық нормалардың талаптарын, кәсіпкерлік құқықтық қатынастарды талдауды ескере отырып, кәсіпорынның перспективалық нарықтық стратегиясын әзірлеу қабілеттігі
Шетел тілі	Қажет етпейді	фонетиканы: әліпби, мен әріп тіркестерінің оқылуы мен айтылуының негізгі

			ережелерін, оқытылатын мамандық бағдарына сәйкес лексикалық құрылымдарды білу;
			лексиканы, сөзжасам үлгілерін, термин сөздерді, неғұрлым жиі қайталанатын грамматикалық құрылымдар мен құбылыстарды, лексикалық конструкцияларды білу;
			сөздіктің көмегімен және сөздіктерсіз әлеуметтік тұрмыстың мәтіндерін оқу, түсіну, аудару қабілеті, сөздікті пайдалана отырып әдебиетті түсіне білу;
			сауалнама, түйіндеме, тауарларды жеткізу туралы декларацияларды толтыру, жеке және іскери сипаттағы хаттарды түрлері мен талаптаға сәйкес жаза білу;
			тілдік материалдар негізінде ауызша сөйлеу дағдымашықтарын меңгеру, сұрақ қою және ағылшын тілінде әңгімелесуді оқыған пәндер ауқымында сақтау қабілеті;
			күнделікті, іскерлік қарым-қатынас жағдайларында, ақпаратпен алмасуда белгілі тақырыптар шеңберінде өз ой-пікірін жеткізе білу, сұхбаттаса білу қабілеті;
	Қазақ/Орыс тілі	Қажет етпейді	знание правильного выбора языковых и речевых средств для решения тех или иных задач общения и познания на основе знания достаточного объема лексики
			знание системы грамматического знания, прагматических средств выражения интенций, фактологического содержания текстов, концептуальной информации текста
			умение интерпретировать информацию текста, объяснять в объеме сертификационных требований стилистическую и жанровую специфику текстов профессиональной сферы общения
			умение выстраивать программы речевого поведения в ситуациях личностного, социального и профессионального общения в соответствии с нормами языка
			способность обсуждать этические, культурные, социально значимые проблемы в дискуссиях, высказывать свою точку зрения, аргументированно отстаивать её
			способность участвовать в коммуникации в ситуациях общения, составлять бытовые, социально культурные, официально деловые тексты в соответствии с нормами
			тілдік, сөйлеу құралын таңдау, пайдалануға негіз болатын лексиканы, грамматикалық білім жүйесін, интенцияны білдірудің прагматикалық құрамын білу
			әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік мәдени, қоғамдық саяси, оқу кәсіби салалардағы қарым қатынас мәтіндері стильдік және жанрлық ерекшеліктерін

